



# Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау туралы құжаттар

Орындаған: Аралбаева А.Т.  
Аманкелді Ұ.  
Тобы: ФӨТ14-003-01  
Тексерген: Бейісбекова Л.

Алматы, 2017

# Жоспары:

- **Кіріспе**
- **Еңбекті қорғау**
- **Қазақстан Республикасындағы еңбекті қорғау саласындағы заңдар**
- **Қауіпсіздік техникасы**
- **Глоссарий**
- **Қорытынды**
- **Тест сұрақтары**



# *Кіріспе*

*Еңбек - адамдардың өмір сүруі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі; еңбек қатынастары – тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар.*



# *Кіріспе*

Жеке еңбек шарты – қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісім, ол бойынша қызметкер жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақытында және толық көлемінде төлеуге, еңбек туралы заңдар мен ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді

# Еңбекті қорғау

Еңбекті қорғау - еңбек қызметінің процесі кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау жүйесі. Кәсіпорындарға еңбекті қорғауды басқару жүйесі (ЕҚБЖ) енгізілген, оған сәйкес кәсіпорынның әрбір қызметкерлерінің осы жүйеде өзіндік құқықтары мен міндеттері болады. Жалпы айтқанда кәсіпорында еңбекті қорғау жағдайына бас директор, сонымен қатар бөлімшелер бойынша - осы бөлімнің басшысы жауап береді. Учаскеде еңбек қорғау үшін учаске бастығы (шебер) жауап береді.

# Еңбекті қорғау

Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен өзге де уәкілетті органдар жүзеге асырылады.





**Заң Қазақстан  
Республикасындағы  
еңбекті қорғау  
саласындағы қоғамдық  
қатынастарды реттейді  
және еңбек қызметі  
процесінде еңбек  
қауіпсіздігін қамтамасыз  
етуге, қызметкерлердің  
өмірі мен денсаулығын  
сақтауға бағытталған,  
сондай-ақ еңбек  
қауіпсіздігі және еңбекті  
қорғау саласындағы  
мемлекеттік саясаттың  
негізгі принциптерін  
белгілейді.**



# Жалпы ережелері

## 1-бап

### *Негізгі ұғымдар*

*Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:*

- 1) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау - өндірістік объектілерді, цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындарын оларда орындалатын жұмыстардың қауіпсіздігінің, зияндылығының, ауырлығының, қауырттылығының жай-күйін, еңбек гигиенасын айқындау және өндірістік орта жағдайларының еңбек жағдайлары нормативтеріне сәйкестігін айқындау мақсатында оларды бағалау жөніндегі қызмет;*
- 2) еңбек қауіпсіздігі - еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкердің қорғалу жай-күйі;*
- 3) еңбектің қауіпсіз жағдайлары - қызметкерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсері жоқ не олардың әсерінің деңгейі қауіпсіздік нормаларынан аспайтын, жұмыс беруші жасаған еңбек жағдайлары;*
- 4) өндірістік жабдықтың қауіпсіздігі - өндірістік жабдықтың өз функцияларын орындауы кезінде нормативтік-техникалық және жобалау құжаттамасында белгіленген жағдайларда еңбек қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігі;*
- 5) өндірістік процестің қауіпсіздігі - өндірістік процестің нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген жағдайларда еңбек қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігі;*
- 6) зиянды өндірістік фактор - оның әсері қызметкердің сырқаттануына немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;*
- 7) зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайы - белгілі бір өндірістік факторлардың әсері қызметкердің еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне немесе сырқаттануына әкеп соқтыратын еңбек жағдайлары;*



## **2-бап. Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдары**

**1 Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.**

## **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

**1 Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының азаматтарына, еңбек қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.**

**2 Жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында еңбек қатынастары туын-даған кезде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бәрі орындауы міндетті.**

**3 Жеке еңбек шартында, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көзделген жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайлары осы Заңда көзделген еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау деңгейінен төмен болмауға тиіс.**

**4-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқару, бақылау және қадағалау**

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды, бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен өзге де уәкілетті органдар жүзеге асырады.**




## **5-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары**

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясат:**

- 1) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерін, мемлекеттік стандарттарды, ереже-лерді, нормаларды әзірлеу мен қабылдауға;**
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламаларды әзірлеуге;**
- 3) еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды әзірлеу мен жақсарту, қауіпсіз техника мен технологияларды әзірлеу және енгізу, еңбекті қорғау, қызметкерлердің жеке және ұжымдық қорғану құралдарын шығару жөніндегі қызметті экономикалық ынталандыру жүйесін құруға және іске асыруға;**
- 4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мониторингті жүзеге асыруға;**
- 5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізуге;**
- 6) өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілеуге;**





**Қауіпсіздік техникасы** - еңбекті қорғаудың бір түрі, жұмыс атқарушыларға қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуіне жол бермейтін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар мен құралдардың жүйесі. Еңбекті қорғау қағидаларының құрамдас бөлігі. Жұмыскерлердің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін өндіріс жағдайларының алдын алудың ұйымдастырушылық-техникалық шаралары мен құралдарының жүйесі

**Қауіпсіздік техникасы** жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ Қауіпсіздік техникасы техникалық құрамдарының жасалуы мен қолданылуы нормативтік - техникалық құжаттаманың стандарттардың, ережелердің, нормалардың, нұсқаулардың, негізінде жүргізіледі.

## Глоссарий

**Еңбек** - адамдардың өмір сүруі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі.

**Еңбек қатынастары** – тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар.

**Жеке еңбек шарты** – қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісім.

**Еңбекті қорғау** - еңбек қызметінің процесі кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау жүйесі.

**Қауіпсіздік техникасы** - еңбекті қорғаудың бір түрі, жұмыс атқарушыларға қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуіне жол бермейтін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар мен құралдардың жүйесі.

# Тест

Еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар қалай аталады?

- А. Достық қатынас
- Б. Жеке қатынастар
- С. Еңбек қатынастары

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуы қандай құжаттар бойынша іске асады?

- А. нормативтік - техникалық құжаттаманың, стандарттардың, нормалардың, нұсқаулардың
- Б. GMP стандарттары бойынша
- С. Басшылықтың шығарған нұсқаулығы пен ережесі бойынша

Еңбекті қорғау қағидаларының құрамдас бөлігі:

- А. Жалақы
- Б. Жеке еңбек шарттары
- С. Қауіпсіздік техникасы

Еңбекті қорғау дегеніміз не?

- А. адамдардың өмір сүруі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі
- Б. еңбек қызметінің процесі кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау жүйесі.
- С. қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісім.



# Тест

**Қазақстан Республикасындағы еңбекті қорғау саласындағы заң не үшін керек?**

**А. Жағдайы төмен жұмыскерлерге көмек**

**Б. еңбек қызметі процесінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға**

**С. еңбек қызметі процесінде әрбір жұмысты тиянақты орындап, жұмыскерлердің өз құқықтарын білуге**

**Қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісім қалай аталады?**

**А. жеке еңбек шарты**

**Б. жұмысқа қабылданушының жеке құжаттары**

**С. келісім шарт**

# Тест

**Еңбек дегеніміз не? (өз ойыңызды айтыңыз)**

**Қауіпсіздік техникасы туралы айтып беріңіз**

**Қауіпсіздік техникасының маңызы бар деп ойлайсыз ба, неге?**

**Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын қандай органдарды білесіз?**

# Қорытынды

*Еңбек қорғаудың негізгі міндеті — заң актілері жүйелерін және оларға сәйкес әлеуметтік - экономикалық, техникалық, тазалық сақтау және ұйымдастыру шараларын талдап, орындау болып табылады, мұның бәрі еңбек процесі кезінде денсаулық сақтау қауіпсіздігін және еңбек қабілеттілігін қамтамасыз етеді.*



# Пайдаланылған әдебиеттер

Интернет желісі,

ҚР еңбек кодексі.